

- рации / Под ред. Ж.У. Ибрашева. – Алматы, 2003.
3. Кукеева Р.Г. Европейский Союз и США: основные аспекты трансатлантического партнерства. – Алматы, 2003.
 4. Кокебаева. Германия – Россия – СССР: политика, война и плен. – Алматы, 2009.
 5. Бурнашев И.А. Великобритания – член Европейского Союза. – Алматы, 2004.
 6. Султанов Б.К. Политика и интересы мировых держав в Казахстане. – Алматы, 2002.
 7. Мажденова Д.М. Дипломатическая служба Венеции в эпоху Возрождения. //Геополитические интересы России. – М. – 2007. – № 283. – С. 255-266; Дипломатическая служба в контексте мировой политики (с древних времен до Венского регламента). Астана, 2003.
 8. Имярова З.С. Политика США в отношении Китая в период администрации Дж. Буша – младшего (2001-2008 гг.): Автореф. дисс. к.и.н. Алматы, 2008; Американо-китайские отношения и нефтяной фактор. //Вестник КазНУ. Серия МО и МП. – 2005. – №2 (18). – С. 53-57.
 9. Нурғалиев М.Е. Контртеррористическая стратегия США периода администрации Дж. Буша (2001-2008): Автореф. дисс. канд. истор. наук. – Алматы, 2009.
 10. Мовкебаева Г.А. Внешняя политика Европейского Союза. – Алматы, 2008.

Түйін

Аталмыш мақала Қазақстандағы Әлем тарихын оқытудың мәселелеріне арналған.

Conclusion

The article is devoted to study of world history in Kazakhstan.

АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ТАРИХЫ

Сейсембай Г.А.

Тамырын тереңнен тартқан қазақ халқы өзінің тарихи-мәдени, әдеби дүниелерін кезінде қағаз бетіне түсіп отырмаған. Сондықтан да өзінің тасқа басылып, хатқа түскен ескерткіштерінің ішіндегі төңкерістен бұрынғы газет-журналдарда басылған нұсқаларының алар орны ерекше. Олар рухани мұрамыздың бай көріністерімен қатар туған әдебиетіміздің тарихын жете білуге және оны халық тарихымен біртұтас зерттеуімізге мүмкіндік береді.

Баспасөздің, оның ішінде газеттің әлеуметтік қоғамдық өмір саласындағы орнын, қызметтерін саралап берген ғалым-зерттеуші А.Байтұрсынов 1913 жылы «Қазақ» газетінің алғашқы санында: «Газет-жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдарды газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып отырады», – деген болатын. [1.10.]

Баспасөздің маңызын мына жайлардан байқауға болады: жаңалықтарды, тың ақпараттарды халыққа тез жеткізуді басты нысана етеді; болып жатқан оқиғаларға түсініктеме береді; әрбір пікірдің шындығына көзін жеткізе дәлелдейді және оқырманның оған деген сезімін оятып, қалыптастырады; оқырманды сол оқиғаға байланысты қимыл-әрекетке шақырады, көпшіліктің көзқарасын қалыптастырады; оқырманның тіл мәдениетін, сауаттылығын қалаптастыруда басты рөл атқарады.

Баспасөз құралдарының жалпы адамзат тарихында алатын орны маңызды, ол халықтың

рухани, мәдени өмірінің айнымас бөлшегі болып табылады.

А.Байтұрсынов ойымен айтсақ «...Газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетіспекші.» [1.14.]

Қазіргі таңда жалпы баспасөзге байланысты зерттеу нысаналары молайды. Мерзімді баспасөздің тарихы туралы, оның әдеби тілі, жанрлық-стистикалық ерекшелігі, тақырыптық аясы жөнінде зерттеулер, ғылыми ізденістер көптеген жаңа талдаулардың нәтижесі.

Біздің зерттеу жұмысымыздың нысанасының бірі болып отырған ХІХ ғ аяғы мен ХХ ғ басындағы баспасөз туралы ғалымдар Н.Қарашева, Б.Әбілқасымов, С.Исаев, Б.Момынова, Б.Кенжебаев, Қ.Бейсембаев, Х.Бекхожин, Т.Кәкішов, т.б. ғылыми еңбектерінің маңызы зор.

Қазақ әдебиеті зерттеушісі, сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Кенжебаев 1961 ж «Айқап бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар» атты библиографиялық еңбек жазды. Ғалымдар Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Саховтар «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті бетіндегі материалдарды жүйелеп, зерттеп, талдап энциклопедиялар құрастырды. Сол зерттеулердің бірі «Қазақ» энциклопедиясына тоқтала кетсек, «Қазақ» – газет бетінде басылған материалдар жинағы. Бұл кітапқа 1913-1918 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған әр алуан тарихи, саяси-әлеуметтік, қоғамдық, мәдени, әдеби материалдар енген. Жинақ өзінің мазмұны-

ның құндылығымен қатар, танымдық, тәрбиелік мәнімен де қымбат.

«Қазақ» кітабын кішігірім алғы сөзден кейін: «1913 жылы, 1914 жыл, 1915 жыл, 1916 жыл, 1917 жыл, 1918 жыл, құрастырушыдан «Қазақ» газетіне қастысты архив құжаттары, есімдер көрсеткіші, Бүркеншік есімдер көрсеткіші, «Ашылмаған бүркеншік есімдер» деген тараулардан тұрады. Кітапта «Қазақ» газетінің авторларының редакторы, бастырушылардың фото суреттері қоса басылған. Жинақтың жарық көруіне ұзақ жылдар библиограф-ғалым Ү.Х. Субханбердина көп еңбек сіңірді. [5.337]. Бұл баспасөз бетінде басылған мәліметтердің жүйеленуінің ғылыми маңыздылығы шексіз. Бұл библиографиялық көрсеткіштер, зерттеу еңбектері шығыс халықтарының әдеби, мәдени мұраларын, тарихын, экономикасын, тілін зерттейтін көптеген ғалымдарға бай мұра еді. Себебі, сол кездегі баспасөз төңкеріске дейінгі Қазақстанның тарихынан, әдебиетінен, мәдениетінен, шаруашылық жайларынан толып жатқан деректер бергені даусыз.

Сол сияқты ақын, филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Оспанұлы «Алтынсариннің айналасындағы адамдар» атты зерттеу еңбегінде Ыбырай Алтынсариннің ұлттық газет шығаруды ойлап 1879 жылы жергілікті патша әкімшілік орындары алдына ұсыныс хат жазғанынан дерек береді. Ол болашақ газеттің макетін жасап, төрт бетін қазақ тілінде, төрт бетін орыс тілінде шығаруды және де газетті «Қазақ газеті» деп атауды ұсынады. Бірақ, патша әкімшілігі бұл басылымды шығаруға рұқсат бермейді. Ұлты үшін ана тілінде газет шығаруды ойлаған Ыбырай арманын кейін А.Байтұрсынов бастаған қазақ зиялылары іс жүзіне асырғанын дәлелдейді [2.36].

Біз бұл жұмысымызда XIX ғ аяғы мен XX ғ басында қазақ тілінде 14-15 шақты газет-журналдар шыққанын ескерте отырып, олардың бірнешеуінің ұстанған бағытын, атқарған істері мен, қоғамдағы маңызын көрсетуді алға қойдық.

«Түркістан уалаятының» газеті». Халқымыздың саяси-әлеуметтік, әдеби, мәдени және эстетикалық ой пікірін оятып, қалыптастыруға септігін тигізген «Түркістан уалаятының газеті» қазақ баспасөзінің көш бастаушы басылымы болып саналады. Оның 12 жыл бойы шығып тұруы қазақтың мәдени-әлеуметтік өміріндегі зор оқиға болды. [3.52].

«Түркістан уалаятының газеті» ең алғаш «Туркестанские ведомости» газеті қосымша ретінде 1870 жылдан бастап Ташкентте шыға бастаған. Бұл жалпы Орта Азия халықтарының тұңғыш газеті. Алғашында ол айына төрт рет

оның екі нөмірі өзбекше және екі нөмірі қазақша шығатын болды. «Туркестанские ведомости» газетінен бөлініп қазақша, өзбекше шыққан «Түркістан уалаятының газетінің» бетіне қазақ елінің тұрмысы, тарихы туралы мағлұматтар көп басылған, оның ішінде қазіргі Қызылорда, Шымкент, Жамбыл және Алматы облыстарын қоныстанған қазақтардың сол кездегі тіршілігі кеңірек қамтылған. Газеттің редакторы Ш.М.Ибрагимов, кейінірек Х.Чанышев, Н.П.Остроумов, Н.Г.Малицкийлер болды.

Газеттің шығуына ішкі істер министрлігі рұқсат беріп, оның программасын тек қана патша үкіметінің бұйрық-жарлықтарын, салтанатты жиналыстарын жариялауға ғана лайықтап, көбінесе ресми хабарларды басуды ұйғарған еді. Сонымен бірге қазақ оқырмандарын сол кездегі ғылым жаңалықтарымен таныстырып отырған. Жер шары, ай мен күн, жұлдыздар, күн мен түн, жылдың төрт мезгілі жөнінде ғылыми түсініктемелер беріліп, орыс кемесінің жер шарын айналып шығуы туралы мақала жарияланған. «Түркістан уалаятының газеті» Түркістан генерал-губернаторының ресми органы болғанына қарамастан қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени-әдеби дүниетанымының молаюына әсер етті. Оның бетінде саяси-экономикалық мәселелермен бірге оқу-ағарту ісінің жай-күйі, өнер-білімнің пайдасы, орыс мәдениетінің жетістіктері, қазақ әдебиеті туралы алғашқы сын, зерттеу мақалалар, қазақтың зиялы адамдары олардың өмірбаяндары, ғылыми еңбектері жайынан алғашқы мақала-хабарлар жарияланды.

«Дала уалаятының» газеті». 1888 жылдан 1902 жылға дейін Омбыда шығып тұратын «Асмолинские областные ведомости» газетіне қосымша ретінде орыс және қазақ тілдерінде жарық көрген «Дала уалаятының газеті» халқымыздың әдебиеті мен мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін қалың жұртқа танытудағы бірден-бір басылым болды. Орыс тілінде «Особое прибавление к Асмолинским областным ведомостям» деген атпен шыққан осы газет 1894 жылдан бастап орыс тілінде «Киргизская степная газета», ал қазақ тіліндегі «Дала уалаятының газеті» деген атпен жарық көре бастады. Қазақ тілінде шыққан сандарына Е. Абылайханов, Д.Сұлтанғазин, Р.Дүйсенбаев редактор болды. Жалпы бұл газет 1888 жылдан 1902 жылға дейін аптасына бір рет шығып тұрды. Газеттің соңғы саны 1902 жылы наурыз айында басылып, содан кейін «Сельскохозяйственный листокке» айналды.

Өзінің программасына сәйкес газет ресми түрде патша үкіметінің бұйрық-жарлықтарын, заң-закондарын, әкімшілік басқару істерін жа-

риялайтын басылым болды. Сол кездегі басқа газеттер сияқты «Дала уалаятының газеті» де ресми және ресми емес бөлімдерден тұрды. Соңғы бөлімде көбінесе көпшілікке пайдалы, ғылымға, білімге қатысты мақалалар жариялады.

«Дала уалаятының газеті» басқа жергілікті газеттерге қарағанда қазақ бұқарасының тұрмысын, оның шаруашылық жағдайларын, мәдени тіршілігін толығырақ көрсетіп отырған газет болды. Бұрынғы Сібір әкімшілігіне қараған Семей, Ақмола, Тобыл, Жетісу қазақтары өнер-білім жаңалықтарын алғаш рет осы газеттен оқу мүмкіндігіне ие болды. Газет халық жұртшылығын орыс халқының әдебиетімен таныстырды. Оның бетінде А.С.Пушкин, Л.Н.Толстой, М.Ю.Лермонтов, Г.И.Успенский шығармаларының, И.А. Крыловтың мысалдарын қазақ тіліндегі алғашқы аудармалары басылып тұрды. Содай-ақ газетте қазақ елінің тұрмысын, әдебиетін, мәдениетін зерттеуші орыс ғалымдары өздерінің мақала-хабарларын жиі бастырды.

Газет негізінде жергілікті отаршылдық-әкімшілік орындардың ресми органы болғанымен, халықты отаршылыққа, өнер-білімге, мәдениетке шақырып тәрбиелеуде едәуір роль атқарды, қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына зор ықпал жасады. Оның бетінде қазақ тілінде бұрын болмаған қоғамдық-публицистикалық, ресми іс қағаздарын жүргізу жөніндегі мақалалар жарияланды, ғылыми стильдің негізі қаланды, аударма тәжірибесінің алғашқы қадамы жасалынды, араб графикасына негізделген қазақ жазбасында тұңғыш рет тыныс белгілері қолданылды.

Ұлттық баспасөзіміздің қарлығаштарының бірі – «Дала уалаятының газетінің» дүниеге келуі қазақ халқының өткен ғасырдағы мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. «Дала уалаятының газетінде» басылған шығармаларда қазақ халқының әр кезеңдеріндегі өмірі, тұрмыс-тіршілігі, күрделі жағдайлар мен оқиғалар толық, тұтас қамтылғанмен, тарихымызда болған ұлы өзгерістер, халық өмірінің жеке-жеке суреттері алғаш рет осы газет бетінде жарияланып, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің негізін қалауға көмектесті. XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында өмір сүрген «Дала уалаятының газеті» қазақтың тұмшаланып келген қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятып қана қоймай, кең өріс бергенін айбырықша атау орынды. [3.65.] Онда басылған халық өмірі, мұңы, арманы, тыныс-тіршілігінен бағдар берген материалдардың бәрі де өркениетті елдердің қатарына қосылу тенденциясын туғызды.

«Серке» газеті. Бұл газет Петербургта татар тілінде шығып тұрған «Үлфәт» деген газетке қосымша ретінде 1907 жылы Петербургта шық-

қан. Бір нөмірі шығып тоқтап қалған. Редакторы хажы Ыбраимов деген кісі болған. Бұл газет туралы «Үлфәт» газеті редакторының бірі «Нажат» (Азаматтық) деген жинақта былай деп жазады:

«1906 жылдың ақырында «Үлфәттің» қазақ оқушыларына арнап, қазақ тілінде «Серке» атты екі жетілік газет шығаруға қарары болды. Келесі жылы март айының басында сол газеттің жариялауы шықты. Артынша, 25 мартта бірінші саны шықты. Ол «Үлфәт» газетінің 67-санына қосымша болып шықты.

Газет шыққан соң бірер күн өткеннен кейін полиция келіп, қала начальнигінің «Серке», «Үлфәт» газеттерінің ұсталғаны туралы әмірін оқып, басқармада бар даналарын жинап, құлыптап кетті. Екінші күні тиісті орындардан себепін сұрағанымызда, олар: «Серке» газетіндегі кейбір мақалаларда қазақ халқын орыс халқына қарсы үгіттеу бар. Сонда ұсталды деп жауап берді» – дейді.

«Үлфәт» газетінде қосымша болып, сол газет маңында болған кісілер тарапынан шығарылуына қарап, оны либералдық-буржуазиялық бағыттағы газет еді деуге болады. Себебі «Үлфәт» татардың либералдық буржуазиялық газеті болған.

«Қазақ газеті». 1907 жылы март айында, Троицкі қаласында шыққан. Бір нөмірі шығып тоқтап қалған. Шығарушысы Хайм Шумлих Сосновский, бастырушылар Жетпісбай Андреев, Ешмұхамбет Иманбаев деген кісілер болды. Яғни, ресми мекемелердің кісілері шығарып, редактор болды. Жартылай ресми газет еді.

«Қазақстан» газеті, 1911 жылы 16 марттан бастап Ордада екі тілде, шағын көлемді, 6 бет болып шықты. Ол жылы 4 саны шығып тоқтап қалып, 1913 жылы, 28 қаңтардан қайта шыға бастады. Барлығы 13-14 саны шықты. Осыдан кейін бүтіндей тоқтады. Оның шығарушысы, редакторы Е.Бұйрин деген кісі болды.

Газеттің бағыты, мақсаты оның басына жазылып отырған. «Газеттің асыл мақсаты: кәсіп ету, ғылым үйрету турасында» деп жазылған. Осыған лайық газеттің әр санында, әрбір мақаласында заман жайы, қазақ халқының халжайы, өнер-ғылым үйрету туралы үзбей сөз болып отырған. Сол жылғы үшінші санында басылған «Әдебиет таңы» деген мақаласында қазақ әдебиетінің сол кездегі хал-жайын, түйінді мәселелерін сөз етеді. Абай шығармаларына тоқталып, ақынды әдебиетіміздің таңы деп бағалайды.

«Қазақстан» газетінің басқа сандары да осы бағытта шығып отырған. Оны нағыз прог-

ресшіл, демократияшыл бағыттағы газет деуге болады.

«Айқап» журналы. Бұл 1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың тамызына дейін Троицкі қаласында шығып тұрды. Алғашқы жылы айына 1 рет, басқа жылдары 2 рет шықты. Осы уақыт ішінде барлығы 89 саны шықты. Көлемі бір, бір жарым екі, екі жарым баспа табақ болды. «Айқап» қазақ даласының барлық жеріне таранды. Әйгілі, беделді журнал болды. [4.27].

«Айқап» журналының шығарушысы да, редакторы да белгілі ақын, жазушы М. Сералин болды. Ол әркімнен пайда серік ретімен пай жинап, қарызға ақша алып, журналдың әуелгі сандарын сонымен шығарды. Кейін журнал өз қаржысымен тұрды. Оған жәрдем көрсетушілер де болды. Алайда, журналдың қаржысы мол, жеткілікті болды деуге болмайды. Ол қаржының тапшылығынан кейде шағын көлемді болып шығып жүрді. Тоқтағанда да қаржысының жоқтығынан тоқтады.

«Айқап» журналында әр кезде хатшы қызметкер, хабаршы болып С. Торайғыров, Ж. Сейдалин, Ә. Ғалимов істеді. «Айқап» журналына қазақтың сол кездегі оқырмандары, түрлі оқу орындарындағы оқытушылары мен оқушы жастары, хат білген адамдар тегіс қатынасты.

«Айқап» қазақ халқы саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық өмірінің көптеген түйінді, көкейтесті мәселелерін сөз етті. Соның бәрін де қазақ халқының саяси-әлеуметтік ілгері дамуы, бостандығы, шаруашылығы мен мәдениетінің өркендеуі тұрғысынан қарап сөз етті, қазақ арасындағы бектік-феодалдық қоғам қалдықтарына: ескі ғұрып-әдеттерге, жалқаулыққа, надандыққа, партиягершілікке қарсы күресті. Жаңаны, жақсыны дәріптеді, мәдениетті халықтарды, алдымен ұлы орыс халқын, оның мәдениетін үлгі етті.

«Айқап» қазақ әйелдерінің хал-жайын, бостандық, теңдік мәселесін көп сөз етті. «Қазақ қыздарының аталарына», «Қалың мал құрысын!», «Бауырлас қазақ әйелдеріне», «Аналарымызға», «Аталарымызға» деген үндеулер және басқа көптеген өлең, мақалалар басты. Қазақ әйелдері туралы қазақ тілінде алғаш роман жазған «Қалың мал» (С.Көбеев), «Қамар сұлу» (С.Торайғыров), «Бақытсыз Жамал» (М.Дулатов), «Бақытсыз сұлу» (Ә.Ғалымов) романдарында жазған авторлардың да бірқатары осы «Айқап» журналында қызмет істеді, шығармаларын жариялады.

Осылардың қай-қайсысында болсын журнал қалың мал, қатын үсті, әменгерлік, қызды қаламаған, сүймеген адамға, шалға еріксіз берушілік сияқты ескі заң, зиянды салтқа қарсы кү-

ресті. Әйелдердің еркекті, ерлермен тең болуын, өз тағдырын өзі шешуін, теңіне, қалағанына қосылуын, әйелдердің еркек қатары қоғам жұмысына қатынастырылуын талап етті.

«Айқап» журналы қазақтың ана тілі мәселесін, оның әліппе грамматика мәселелерін кең талқылап, өз тұсында дұрыс шешті. Қазақтың Абай негізін салған жаңа әдеби тілінің өркендей түсуіне теориялық жақтан да, практикалық жақтан да зор себепші болды. Осы сияқты, «Айқап» қазақ арасындағы оқу, оқыту, мәдени ағарту мәселелерін, жаңа оқуды өрістету, жаңаша оқу құралдарын жасау мәселелерін кең сөз қылды.

Бұған Мұхамбетжанның өзінің оқу, оқыту құралы, шәкірттер, оқытушылар туралы жазған көптеген мақалалары, Сұлтанмахмұттың «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» деген мақаласы, Спандиярдың «Үлгілі бала» деген оқу кітабы дәлел бола алады. [1.18].

«Айқап» қазақтың сол кездегі ақын-жазушыларының жаңа, таңдаулы шығармаларын үнемі басып отырды. Көптеген ақын, жазушыларды тәрбиелеп өсірді.

«Айқап» төңкеріске дейінгі халқымыздың бүкіл тіршілік-болмысын, экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайын, әдебиеті мен мәдениетін, өнері мен білімін жетілдіруді жан-жақты жазумен бірге, осы бағытта үлкен насихат жұмыстарын жүргізді, қоғамымызды ілгері байытуға зор үлес қосты.

«Қазақ» – қоғамдық, саяси және әдеби газет. 1913-1914 жылдары Орынборда аптасына бір рет шығып тұрған. 3000 данамен шыққан. Барлығы 265 саны жарық көрген. Тұңғыш редакторы әрі ұйымдастырушысы, белгілі ғалым, публицист, жазушы Ахмет Байтұрсынов (екінші редактор М.Дулатов) болды. 1910 жылы Қазақстанда тұру құқығынан айырылған А.Байтұрсыновты патша үкіметі Орынборға жер аударады. Орынборда оның аты иісі қазаққа кең тарайды, өзі ұйымдастырған «Қазақ» газеті арқылы қалың жұртшылыққа жайылды. [5..13].

Қазақ халқының жазушысы М.Әуезов: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, өнер-білім, саясат жолындағы қайраты» – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш», – деді.

«Қазақтың» екінші редакторы М.Дулатов болды. Газетті шығаруда Ахаңның, Әлиханнның серігі болды. Фольклорлық мұраларды жинап бастыруда, ғалым Ш.Уәлихановтың қызметін туған халқына таныстыру, насихаттау ісіне үлес қосты. Г.Потаниннің, Ә.Диваевтың қазақ халқы үшін атқарған істерінің маңызын көрсеткен мақалалар жариялады.

«Қазақ» газетін ұйымдастыру мәселесін сөз еткенде, алдымен ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының ірі саясаткері, Алаштың көсемі, энциклопедиялық білім игерген ғалым, үлкен тұлға Әлихан Бөкейхановтың еңбегі ерекше атаған абзал. Сол ғасырлар арман болған азаттықты жетудің бір жолы халықтың білімін көтеріп, санасын жетілдіру деп ұғынған Ә.Бөкейхан қазақтың рухани байлығының қайнар көзі әдебиетті насихаттау, баспа сөзді дамыту істеріне көп үлес қосты. Ол өз маңына қазақтың озық ойлы зиялылары мен ақындарын-А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, С.Торайғыров т.б. өз жанына топтастыра білді, олармен тығыз шығармашылық байланыста болып, «Қазақ» газетін ұйымдастыруға көп күш жұмсайды. Ол туралы «Қазақ газетінің» өзі де: «Бөкейханов «Қазақтың» басты жетекшісі болды, оның платформасын анықтауға атсалысты», – деп жазды.

«Қазақ» Хұсайынов-Кәрімов баспасында басылып тұрған. Газетте ХХ ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік, өмірінің ең түйінді мәселелеріне, қазақ шаруашылығының жағдайына, жер, басқа елдермен қарым-қатынас мәселелеріне, оқу-ағарту, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған мақалалар жариялады. Солардың бірі Ә.Бөкейхановтың қазақ елінің тарихына арналған мақалаларында Ш.Уәлиханов, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, Г.Н. Потонин, Ә.Диваев туралы мол мағлұматтар берілді. Қазақ тілі мен әдебиеті жайындағы А.Байтұрсыновтың, Ә.Бөкейхановтың, М.Дулатовтың, Ш.Құдайбердиевтің мақалалары жарияланған. М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың, С.Дөнентаевтың, Б.Майлиннің, С.Торайғыровтың, Ғ.Қарашевтің, К.Серкебаевтың, Ә.Қоңыратбаевтың өлеңдері, әңгімелері, әдебиет туралы сын мақалалары басылып тұрды. Аударма саласында Л.Толстойдың, А.Чеховтың, М.Лермонтовтың, В.Короленконың, И.Крыловтың шығармалары жарық көрді. Барлық мақалаларды саралау мүмкін болмағандықтан, біз бірлі-жарым дүниелерге тоқталдық. Ал жалпы «Қазақ» газетінің қамтыған тақырып аясы кең де ауқымды екенін бәріміз білеміз.

Сондықтан да «Қараңғыда жүрген халқын» тура жолға қаратуды ойлаған газеттің руханиятындағы салмағын дәл бағамдай білген

М.Әуезов сонау 1923 жылдың ішінде-ақ «Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газеті», – деп газеттің орнын әдебиет тарихының төрінен белгіледі, атқарған қызметіне толымды баға береді. «Жазылған ұсақ өлеңдер, әңгімелер, барлық мақалалардың бәрі де қазақша ояту, сергіту, күшін біріктіру, оқығандарын түзу жолға салу, соларға басшы болу, қазақ ісіне көз-құлаң болуға арналған. Бұл тұтанған жолда «Қазақ» газеті өз міндетін атқарды».

«Қазақ» газеті осы ғұмырында барша қазақ зиялыларын ортақ мақсат жолында топтастыра алды, тынымсыз соғылған қоңырау сынды халықтың қалғи бастаған рухын оятып, мыңдаған зерделі жасты тәуелсіздік туының астына жинай білді.

Қорыта келгенде алғашқы қазақ тілінде шыққан газет-журналдардың қазақ халқы үшін атқарған еңбегі зор екеніне тағы да көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбсадықов А., Исина Н. Ахмет Байтұрсынұлының әдеби мұралары. Литературное наследие Ахмета Байтурсынова. – Қостанай, 2003. – 144 б.
2. Оспанов С. Алтынсариннің айналасындағы адамдар. Қостанай, 2006. – 294 б.
3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. 1– бөлім. Алматы: «Білім», 2003. – 188-б.
4. Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.
5. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. Алматы, «Білік», 1999.

Резюме

Для казахского общества первая казахская печать имела огромное значение. В статье показано направление газет и журналов, изданных на казахском языке в конце XIX – начале XX века, сделан анализ этих работ, а также показан рост казахской литературы, ее роль в обществе.

Conclusion

The first Kazakh publication was of great importance for the society. In the presented article the author has exposed the basic trends in periodicals, written in Kazakh. The analysis is given to newspapers and magazines of the 19th and 20th centuries. Furthermore, the author emphasizes the substantial increase in Kazakh literature and its significance in the society.